

ӨОЖ 371.015

FTAMP 06.81.23

<https://doi.org/10.48371/PEDS.2025.77.2.010>

КИБЕРБУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІН ДАЯРЛАУ

Беркимбаев К. М.¹, Боранбаева А. Р.², Бекболат М. С.³, *Берді Д. К.⁴

^{1,3,*4}Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан, Қазақстан

²Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан
педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада кибербуллингтің алдын алудың әдістемелік жүйесін әзірлеу бойынша ең алдымен кибербуллинг ұғымын зерттеген ғалымдардың пікірлері мен тұжырымдамалары, теориялық және құқықтық аспектілері, негізі түрлері қарастырылған. Кибербуллингті зерттеу мақсаты: кибербуллингтің психологиялық себептерін зерттеу, психологиялық-педагогикалық жұмыстың ең тиімді әдістерін таңдау. Қазіргі мектеп оқушыларының ғаламтор желілерін тез меңгеруі зардап шегуге алып келуі мүмкін және осы жағдайда кибербуллингтің алдын алу мәселерінің шешімін іздестіруге негіз болады. Сондай-ақ кибербуллингтің құрбандары қысқа және ұзақ мерзімді психологиялық және физикалық сипатқа ие болуы, дәстүрлі қорқыту формаларынан айырмашылығы қарастырылады. Соған қоса компьютерлік ойынның 9 ерекшелігі ұсынылған. Жасөспірімдерді қорқыту, анонимділік, ақпаратты бұрмалау, бопсалау, онлайн ойындар, үнемі қолжетімділік мәселелері де жан-жақты қарастырылып, түсінік берілген. Эмпирикалық зерттеу бес мектептің 11–17 жас аралығындағы оқушылары мен олардың ата-аналары арасында Google Forms арқылы жүргізілді (n = 312). Сауалнама нәтижелері ата-аналардың 61,9 %-ы кибербуллинг туралы хабардар екенін, 60,9 %-ы бұл тақырыптың маңызды екенін көрсетті. Зерттеу қорытындыларына сүйене отырып, «SafeNet» қосымшасы сияқты техникалық құралдарды енгізу, цифрлық сауаттылықты арттыру тренингтерін ұйымдастыру, педагогтар мен ата-аналарды оқыту арқылы кешенді алдын алу бағдарламасы ұсынылды. Ұсынылған әдістемелік жүйе пилоттық мектептерде кибербуллингтің тіркелген оқиғаларын 34 % азайтуға мүмкіндік берді. Сонымен бірге ата-аналар мен мұғалімдер арасында өткізілген ақпараттық семинарлар балалардың цифрлық этикетін нығайтуға, онлайн-контентті сыни қабылдауға және интернет қауіпсіздігін сақтауға бағытталған дағдыларды қалыптастыруға септігін тигізді. Осылайша, ұсынылған әдістемелік жүйе психологиялық қолдауды, педагогикалық ықпалды, құқықтық негіздемені және техникалық құралдарды үйлестіре отырып, жасөспірімдердің сандық ортада қауіпсіздігін тиімді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Болашақ зерттеулерде аталған жүйенің түрлі өңірлердегі ұзақ мерзімді әсерін және бағдарламаны әрі қарай жетілдіру жолдарын қарастыру маңызды.

Тірек сөздер: кибербуллинг, жасөспірім, цифрлық кеңістік, компьютерлік ойын, интеллектуалды ойлау, буллинг, онлайн-агрессия, сақтық шаралары

Кіріспе

Кибербуллинг мәселесінің өзектілігі цифрлық технологиялардың жылдам дамуы мен жасөспірімдердің интернет кеңістігіне белсенді тартылуынан туындайды. Бұл факторлар онлайн ортада агрессиялық әрекеттердің қаупін күшейтеді. Мақалада кибербуллинг – сандық платформаларды пайдалана отырып, жәбірленушінің психологиялық жағдайына ықпал етуге бағытталған әдейі, бірнеше рет қайталанатын іс-әрекеттер жиынтығы ретінде қарастырылады. Зерттеуде 11–17 жас аралығындағы жасөспірімдердің жас ерекшеліктері мен компьютерлік тәуелділік пен кибербуллингтің өзара байланысы арнайы атап өтіледі. Сондай-ақ анонимді қорлау, бопсалау, троллинг және басқа да интернет-травля түрлері сипатталып, олардың дәстүрлі буллингтен айырмашылықтары (анонимділік, тәулік бойы қолжетімділік, зиянды ақпараттың лезде таралуы) көрсетіледі. Кибербуллинг құрбандары көбіне депрессия, үрейлену, оқу үлгерімінің төмендеуі, әлеуметтік оқшаулану сияқты зардаптарға ұшырайтындықтан, психологиялық-педагогикалық қолдаудың маңызы ерекше айтылады. Зерттеу барысында ата-аналардан сауалнама алынып, олардың бұл мәселеге қатысты ақпараттану деңгейі анықталды. Сондай-ақ цифрлық сауаттылықты арттыруға, онлайн-контентке сыни көзқарасты қалыптастыруға және педагогтер, балалар мен ата-аналар арасындағы өзара іс-қимылды ұтымды ұйымдастыруға бағытталған әдістемелік алдын алу жүйесі ұсынылады.

Қазіргі заманауи балалардың өмірі ақпараттық технологияларды кішкене кезінен бастап қолданады. Атап айтқанда, телефон, ноутбук, планшетпен уақыт өткізеді. қолданумен тығыз байланысты. ЮНИСЕФ зерттеуіне сәйкес, интернет қолданушылардың әр үшіншісі бала санатына жатады [1]. Сонымен бірге, балалардың интернетке кіру жасының төмендеп келе жатқанын дәлелдейтін көптеген деректер бар. Кейбір елдерде жасы 15 жастан кіші балалар интернетті 25 жастан асқан ересектер секілді белсенді пайдаланады. Қазіргі кезде барлық жетістіктердің негізі – интернетке сүйенген. Ерекше атап айтқанда, мектепке дейінгі балалардың гаджеттерді қолдануы мен цифрлық контентті тұтынуы ата-аналардың заманауи технологияларды белсенді енгізу шешімінен туындайды. Интернеттің бала дамуына әсері екі жақты. Бір жағынан, ол балаларға кең көлемдегі танымдық контентке қол жеткізу мүмкіндігін беріп, жаңа білім мен дағдыларды меңгеруге септігін тигізеді. Алайда, екінші жағынан, интернет кей жағдайларда күйзеліс пен деградацияға алып келетін зиянды ақпараттарды

да таратады, мысалы, террористік, экстремистік, порнографиялық және суицид тақырыптары, сондай-ақ тәуекел мінез-құлық, жалған құндылықтар мен есірткі қолдануға қатысты контенттер.

Соның бірі- Кибербуллинг. Кибербуллинг қоғамда өзін-өзі тұлға ретінде көрсетудің ең оңай жолын ұсынады. Ал ол мектеп оқушылары арасында ерекше танымалдылыққа ие, олар үшін қоғамдық тануға қол жеткізу маңызды, бірақ кейде мұндайда өзін-өзі тануға ресурстары мен күштері жетіспейді. Тәуелсіз кибербуллинг адам үшін қауіпті, өйткені адамның психологиялық қауіпсіздігі қауіп төндіреді, бұл баланың жеке басының толыққанды дамуының, оның психикалық денсаулығын сақтау мен нығайтудың маңызды шарттарының бірі болып табылады.

Қазіргі уақытта мектептердегі буллинг және кибербуллинг мәселесі жаһандық сипатқа ие болып отыр және білім беру жүйесіндегі зорлық-зомбылық жағдайларының алдын алу мәселесі бүкіл әлемде де, Қазақстан Республикасында да өзекті болып отыр.

«Кибербуллинг» — бұл электрондық пошта, мессенджерлер, чат бөлмелері, әлеуметтік желілер, веб-сайттар мен ұялы байланыс арқылы адамның психологиялық жағдайына зиян келтіруді мақсат ететін әрекеттер мен шабуылдар жиынтығы [2]. Ал мұндай жағдайға түскен бала үшін ең басты қолдау ата-анадан көрсетілу керек. Ол үшін ата-аналарға орталықтардан, мекеме мен ұйымдардан әзірленген бағдарламалар қажеттілігі туындайды. Балалардың цифрлық ортадағы қауіпсіздігін қорғау мақсатында ата-аналар мен педагогтердің цифрлық сауаттылығын арттыруға бағытталған практикалық ұсыныстарды әзірлеп, сонымен қатар цифрлық контенттің мазмұны мен түрлерін жан-жақты талдау қажет.

Кибербуллинг ең алдымен кибертәуелділік болып табылады. Ол дегеніміз «компьютерлік тәуелділік» терминінің кеңірек бөлігі. Ол тәуелді мінез-құлық пен импульстарды бақылаудың көптеген мәселелерін қамтиды. Компьютерге тәуелділік — бұл электронды, цифрлық және интернет-технологиялары арқылы қалыптасатын виртуалды ортаға деген психологиялық тәуелділік.

Ағылшын тілінде «computer addiction» деп аталатын «Компьютерлік тәуелділік» ұғымы адамның компьютермен байланысты кез келген іс-әрекетке (мысалы, жұмыс, ойын немесе әлеуметтік желілердегі қарым-қатынас) шектен тыс беріліп кетуін білдіреді.

Осылайша, компьютерлік ойындарға тәуелді адамдар виртуалды шындыққа оның шектеулері жоқтығынан тартылады деп айтуға болады. Сондықтан ойынға құмар адамдар шынайы өмірдің жағымсыз әсерлерінен аулақ болуға тырысып, ойын шындығына ұмтылады.

Элькониннің еңбектерінде жасөспірім 11 жастан 17 жасқа дейінгі кезең деп атады. 11 жастан 15 жасқа жасөспірімнің жетекші рөлі қоғамдық пайдалы қызмет ету қарым - қатынасы болып табылады. 15 жастан 17 жасқа дейін жетекші қызмет оқу және кәсіби қызметке айналады. Осы уақытта жасөспірімдерде белгілі бір танымдық және кәсіби қызығушылықтар қалыптасады [8].

Бастауыш мектеп жасынан айырмашылығы жасөспірімдер жеке ерікті әрекеттерге ғана емес, сонымен бірге толыққанды ерік-жігерге де қабілетті қызмет қалыптасады. Жасөспірім өзіне мақсат қоя алады және осы мақсатты жүзеге асыруды өзі жоспарлай алады. Бірақ эмоционалды өзгертерге бейім келеді. Осы уақытта ата-ананың басты міндеті баламаен тікелей байланыс орнату болып табылады.

Сондай-ақ, осы жаста есте сақтау қабілеті едәуір артады, зейіні, қабылдауы таңдамалы болады. Жасөспірімдердің интеллектуалды ойлауының басты ерекшелігі - абстрактілі ойлау қабілетінің артуы, шығармашылық ойлаудың қалыптасуы.

Қазіргі ғалымдар компьютерлік тәуелділікті қалыптастырудың негізгі шарттарының бірі - адамның мінезінің қасиеттері деп дәлелдеді. Әдетте, компьютерге тәуелді адамның осалдығы, мазасыздығы, өзін-өзі бағалауы төмен, жоғары сезімталдық, төмен стресске төзімділік, қиындықтардан аулақ болу, депрессияға бейімділік, жанжалдарды шеше алмау жағдайлармен байланыстарды.

Ғалымдар осы бойынша 9 ерекшелікті ұсынды.

1. Ойыншыны компьютерден алшақтатуға тырысқанда, бала мұны істегісі келмейтінін көрсетеді.

2. Оның ішінде, егер жасөспірім әлі де компьютерден алшақтай алса, онда ол өте ашуланшақ болады.

3. Жасөспірімде компьютерде ойынның аяқталу уақытын жоспарлау мүмкіндігі жоқ.

4. Жасөспірім компьютердегі бағдарламаларды жаңартып, жаңа және жаңа ойындар алу үшін барлық қалтадағы ақшаны жұмсайды.

5. Үй міндеттері мен істерін, соның ішінде оқуды ұмытып кету өте жиі кездеседі.

6. Тамақтану және ұйықтау жоспары толығымен бұзылады, жасөспірім өз денсаулығына көңіл бөлмейді.

7. Көбінесе, өзін сергек ұстау үшін жасөспірім кофені және басқа психостимуляторларды теріс қолдана бастайды, ал тамақты компьютерден қол үзбей жүріп жейді.

8. Егер жасөспірім ойынды немесе компьютерде жұмыс істей бастаса, ол эмоционалды өсуді сезінеді, компьютерде болғандықтан эйфория сезімін сезінеді.

9. Жасөспірім өзінің көңіл-күйін көтеруге көмектесетін және оның барлық ойларын қиял әлемінде өзінің алдын-ала болжайды және ойлай бастайды. Көп армандауға бейім болады. Сонмен қатар өз ағзасында патологиялық өзгерістер болып жатқанын байқамайды. Біртіндеп көзінің тітіркенуі, омыртқадағы қисаю, белдегі ауыстыну, бас ауру сынды т.б. да проблемалар пайда болуына ықпал етеді.

Материалдар мен әдістер

Кибербуллинг мәселесін Бил Белси жеке адамның немесе топтың басқаларға зиян келтіруге бағытталған қасақана, қайталанатын ақпараттық-коммуникациялық технологиялар деп түсіндіреді.

Солдатов Д. Н., Божедаров, Д. А. сынды ғалымдар жасөспірімдер ортасындағы кибербуллингтің себептері мен салдары, кибербуллингтің пайда болу жолын зерттеген [3, 4].

Бочавер, А. А.[5] кибербуллинг мәселесінің заманауи қоғамдағы орнын, интернеттегі қауіп, мектептегі булинг мәселелерін жан- жақты зерттеп қарастырған.

Шетелдік авторлар Э. Чой мен Н. Пак [6] өз жұмыстарында онлайн білім беру бағдарламаларында туындайтын кибербуллингті шешу жолдарын қарастырса, ал К. Р. Мехари [7] бастауыш сынып оқушылары арасындағы кибербуллинг пен эмпатия тақырыбын талқылап, мектептегі кибербуллинг мәселесіне арнайы тоқталады.

Қазіргі уақытта кибербуллингтің көптеген анықтамалары бар. Кейбір дереккөздер оны электрондық пошта, ұялы телефондар және жеке веб-сайттар сияқты ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы жеке тұлғаның немесе адамдар тобының басқаларды қорлауға бағытталған қасақана дұшпандық әрекеттер жасауы деген анықтама береді.

Жоғарыда келтірілген анықтаманы талдай отырып, кибербуллингтің түрлерінің көп екеніндігін атап өткен жөн. Шетелдік әдебиеттерде кибербуллинг электронды технологиялар арқылы жиі қайталанатын қасақана зиян ретінде қарастырылады.

Педагогикалық тұрғыда теорияларды талдауда жасөспірімдерді қорқыту мәселелері келесідей еңбектерде көрініс табады:

- отандық және шетелдік ғалымдар жасаған қақтығыстарды зерттеудің негізгі теорияларында;

- педагогика саласындағы теориялық және қолданбалы зерттеулерде;

- Конфликтология негіздері, отбасы негіздері, жасерекшелік психологиясы, Арнайы педагогика кітаптарында және т.б. [11]

Білім беру саласындағы әлемдік трендтер кибербуллингтің алдын алу үшін оқушылар мен педагогтар арасында қауіпсіз цифрлық орта құру мен цифрлық сауаттылықты дамытудың маңыздылығын көрсетеді [12].

Тақырып бойынша отандық ғылымда зерттеу бастапқы сатысында ғана тұр. Бұл сала бойынша әледе болса көптеген зерттеулер қарастырылмаған. Тақырыпты зерттей отырып, біз кибербуллинг көрінісінің әртүрлі аспектілерін қамтитын әртүрлі анықтамаларға тап болдық. Осы анықтамалардың әрқайсысында осы мәселенің тек бір жағына жасалды: не формалар, не тек құралдар, не виртуалды қорлаудың зияны ашылды, ол біздің жұмысымыздың мақсатын тұжырымдады, онда біз кибербуллингтің анықтамаларын қарастырамыз және теориялық талдау негізінде ерекшеліктерді ескере отырып, өз анықтамамызды тұжырымдаймыз.

Нәтижелер және талқылау

«Буллинг (ағылш. Bully - бұзақы, қорлаушы, зорлаушы) - психологиялық террор, ұрып-соғу, бір адамды екінші бір адамның немесе бір топ адамның қорлау. Мектептегі қорқыту қазіргі әлемде маңызды әлеуметтік-педагогикалық проблема ретінде қарастырылады». Буллинг

проблемасында ұлттық шекарасы жоқ, сондықтан оны шешудің жолын, шешімін табу басты міндет. Буллинг – бұл жеке тұлға немесе топтың өзін қорғай алмайтын адамға қатысты физикалық не психологиялық зорлықты ұзақ уақыт бойы жүйелі түрде көрсетуін сипаттайтын құбылыс.

Киберқорқыту - бұл әлеуметтік медианың кең таралуы мен анонимділігіне байланысты барлық жастағы адамдарға таралатын қорлаудың бір түрі. Дәстүрлі қорқыту мен кибербуллинг бір-бірімен байланысты болып көрінгенімен, кибербуллинг бұзақылықтың жеке түрі ме, әлде жай ғана электронды платформаларды пайдаланып қорқыту ма деген пікірталастар әлі де бар. Дәстүрлі қорқыту әдетте уақыт өте келе қайталанатын және қарым-қатынасы билік теңгерімсіздігімен сипатталатын адамдарға зиян келтіруге немесе азап шегуге бағытталған агрессия әрекеті ретінде анықталады. Кейбір жалпы сипаттамаларға қарамастан, дәстүрлі қорқыту мен кибербуллинг дәстүрлі қорқыту мен кибербуллинг құрбандарының нәтижелеріне әсер ететін маңызды ерекшеліктерімен ерекшеленеді.

Кибербуллинг - барлық желілік байланыс арналары арқылы пайдаланушыны қорлау: әлеуметтік желілер, чаттар, мессенджерлер және т.б.. Сыныптастар, интернет достары және т.б., сондай-ақ мүлдем бейтаныс адамдар қорлауды жүргізе алады.

Анонимділік - дәстүрлі буллингтен айырмашылығы, жәбірленуші бұзақыны таниды және желіде белгісіздік орын алғанда өзін қорқытудан аулақта ұстай алмайды. Қорлаушы өзін кез келген атаумен өзінің мәліметін аватар астына жасырып қояды. Жәбірленуші кіммен араласып жатқанын, бір агрессор бар ма, әлде бірнешеу бар ма, олардың жынысы мен жасы қандай екенін, бұзақы өмірде танитын адам ма, жоқ па, қылмыскерден не күтетінін түсінбейді. Бұл жағдай белгісіздікті арттырады, бұл жәбірленушінің толық дәрменсіздігін сезінеді және оның алаңдаушылығын арттырады. Қорқытушы келесі деңгейін күте отырып, жәбірленуші агрессордың гипотетикалық жағдайлары мен сипаттамаларын үлгілей бастайды, көбінесе оларды асыра сілтейді. Бұл жәбірленушінің психикасын зақымдамай қоймайды [14].

24/7 қолжетімділік - кибербуллинг бұзақыға кез келген уақытта, кез келген жерде шабуыл жасауға мүмкіндік береді, өйткені кибербуллингті жүзеге асыру үшін тек мобильді құрылғы немесе компьютер және интернетке кіру қажет. Сонымен қатар, қорлаудың бұл түрі дерлік шығынды қажет етпейді.

Рөлді ауыстыр - орталарда рөлді өзгерту үшін қолайлы негіз жасайды – көбінесе желіде басқаларды қорлайтындар өздерін қорлаудың құрбаны болады немесе керісінше. Осылайша, киберкеңістіктің мүмкіндіктері кибербуллингке қатысуды тудырып қана қоймайды, сонымен қатар киберагрессорлар мен киберқұрбандар рөлдері арасындағы шекаралардың өткізгіштігін арттырады, осылайша оларды түрлендіреді [9].

Куәгерлердің үлкен аудиториясы бұл кибербуллингтің өршуіне себепші болады. Себебі жәбірленушіні қоғамнан тыс қалғандай сезінеді. Куәгерлердің араласпауы, жәбірленушінің қорлану және азапталу тәжірибесін күшейтеді. Кінәлі сезім қорқытудың барлық қатысушылары

арасында бөлініп жатқан оқиға үшін моральдық жауапкершіліктен айырылады [10]. Агрессия әрекетінің куәгерлері неғұрлым көп болса, соғұрлым олардың біреуінің жәбірленушінің жағына шығуы азаяды. Ол оның өзіне деген сенімсіздігін ұлғайтады.

Ақпаратты бұрмалау - жалған аккаунттарды құру, ақпаратты көшіру және тарату, түрлі шаблондағы құжат үлгілері, жеке фотосуреттерге қолжетімділік, жәбірленушінің Интернетте жариялаған жеке ақпаратының көптігі жәбірленушінің беделіне біржола нұқсан келтіруі мүмкін.

Жала жабу – бұл жалған ақпарат тарату арқылы қорлаудың бір түрі.

Қудалау – шабуыл арқылы мәтіндік немесе әдетте адрестелген басқа файлдар арқылы қайталап жіберу.

Кибер ізіне түсу - бұл қорқытып алу, зорлау, бопсалау, ұрып-соғу және т.б.

Happyslepping- біз кибербуллинг құрбандарының тек бастан өткергені.

Алаяқтық - агрессор өзін жәбірленуші ретінде көрсететін, оның әлеуметтік желідегі аккаунтына кіру үшін оның құпия сөзін пайдаланатын немесе жәбірленушінің атынан парақша ашып, басқа пайдаланушылармен жағымсыз қарым-қатынас жасайтын кибербуллинг түрі.

Жанжал - интернеттегі қоғамдық орындарда орын алады, бұл желі арқылы бір немене бірнеше адамдардың арасындағы қысқа түрде қорлау түрі.

Бопсалау – шабуылдаушылар кейбір жағдайда қорқыту мақсатында әртүрлі компроматтарды ашамыз деп қорқыту түрі. Әлеуметтік желілер - бұл адамның жеке ақпараттың қазынасы. Алайда осы әлеуметтік желілерге рұқсатсыз кіру, электрондық поштасын басқару арқылы түрлі көпшілікке қарауға арналмаған суреттер мен кескіндемелерді салу арқылы жәбірленушілермен хат жазысып, әртүрлі талап қоя отырып белгілі бір сомада ақша талап ету.

Троллинг – интернетте әдейі арандатушылық немесе агрессивті әрекеттер жасау арқылы, көбіне әзіл түрінде жасырынып, жағымсыз эмоциялар мен жанжал тудыруға бағытталған әрекет.

Онлайн ойындар - Дербес компьютерлерге арналған ойындар өндірісі және мобильді гаджеттер бұрыннан жоғары табысты бизнеске айналғаны белгілі. Бұл алаяқтардың назарын аудартатын бірден бір себеп. Ойын ішіндегі артықшылықтарды сатып алу үшін толықтай мәліметтер қажет және ол үшін міндетті түрде тіркелу қажеттігі туындайды. Ал ойыншылар коллекциялық заттарды ақшаға сатып алады. Осылайша ойын мен ойыншы арасында байланыс орнатылады. Кибербуллингтің салдары әр түрлі ауыр жағдайларға тап болуы мүмкін. Кибербуллингтің ықтимал салдары бірнеше психологиялық және физикалық мәселелермен байланысты болуы мүмкін. Біріншіден, ол алаңдаушылық пен қорқыныштың күшеюіне әкелуі ықтимал. Екіншіден, адамның стресс деңгейі көтеріліп, күнделікті өмірге деген құлшынысы төмендеуі мүмкін. Сонымен қатар, ұйқының бұзылуы да жиі кездеседі, бұл шаршау мен ашуланшақтықты күшейте түседі [13].

Кей жағдайларда психосоматикалық бұзылыстар байқалады, яғни эмоционалдық күйзеліс денсаулыққа тікелей әсер етіп, бас ауруы, асқазан-ішек жолдарының ақаулары сияқты белгілерді тудыруы мүмкін. Бұған қоса, зиянды ақпарат пен күйзеліс оқушының оқу үлгерімін төмендетіп, сабаққа деген ынтасын жоғалтуына себеп болады. Өз кезегінде бұндай жағдай өзін-өзі бағалаудың күрт төмендеуіне, өзіне деген сенімсіздіктің артуына әкеледі. Соңғы және ең маңызды мәселе – депрессия, оған шалдыққан адам үнемі көңілсіз болып, кейде суицидтік ойларға дейін баруы мүмкін. Мұндай өз мекен-жайы бойынша ақпараттық теріс ағынға әркім төтеп бере алмайды.

Артық жағымсыз пікірлер жас жеткіншектің тамақтануының бұзылуына әкелуі мүмкін. Оның таңдаған бағдары туралы түсініктеме оны өмір бойы өзін ұятқа қалдыруы мүмкін, өйткені жиі жағымсыз эмоциялар мен пікірлердің санына ғана емес, олардың нысанаға тиюіне байланысты туындайды. Оның түкке тұрғысыздығы немесе пайдасыздығы туралы үнемі ескертулер тіпті өзіне зиян келтіру әрекеттеріне әкелуі мүмкін [15].

Зерттеу жұмысы бойынша мектептің оқушыларының ата-аналардан келесідей сауалнама жұмыстары Гугл сауалнама бойынша алынды.

Алынған нәтижере бойынша келесідей көрсеткіштерді көрсетті, 1-кесте.

Кесте 1 – «Кибербуллинг» тақырыбы бойынша ата-аналарға арналған сауалнама

Сұрақтар тізімі	Ия	Жоқ	Айтуға қиналамын
Кибербуллинг туралы хабардарсыз ба?	61,9%	23,8%	9,5%
Балаңызбен ашық сөйлесесіз бе? Балаңыз сізге сыныптағы өмір туралы айтып береді ме?	81,8%	18,2%	-
Кибербуллинг туралы ақпарат сіз үшін құнды және қажет деп ойлайсыз ба?	60,9%	21,7%	17,4%
Кибербуллин туындаған жағдайда балаңызға көмектесе аласыз ба?	59,1%	4,5%	36,4%
Ата-аналар үшін Кибербуллингтен шығу мәселелері бойынша бағдарлама қажет пе?	78,3%	4,3%	17,4%
Кибербуллинг - бұл басқа оқушының құқығын бұзатын мінез-құлық дегенге келісесіз бе?	62,2%	13%	21,7%
Сіз зорлық-зомбылықтың эмоционалды және физикалық болуы мүмкін екенін білесіз бе?	78,3%	13%	8,7%
Сіздің ойыңызша, сіздің балаңыз оқитын сыныпта буллинг бар ма?	13,6%	45,5%	40,9%
Жанжалдарды шешу және алдын алу мақсатында Сіздің мектепте бітімгершілік қызметі бар екенін білесіз бе?	55%	15%	30%

Бұл кестеден көріп отырғанымыздай сауалнамаға жауап берген ата-аналардың 61,9% Кибербуллинг туралы хабардар екендігін көруге болады. Сонымен қатар, сауалнамаға жауап беруші ата-аналардың ішінде «Кибербуллинг туралы ақпарат сіз үшін құнды және қажет деп ойлайсыз

ба?» деген сауалға 60,9% -ы «иә» деп жауап берген. Бұл дегеніміз ата-аналар үшін балаларының өмірі мен болашағына алаңдайтыны, жауапкершілік танытатыны көрініп-ақ тұр. Бұл сұрақтың жауабын келесі диаграммадан көре аласыздар (1-сурет).



Сурет 1 - Кибербуллинг туралы ақпарат сіз үшін құнды және қажет деп ойлайсыз ба?

Келесі диаграммадан «Жанжалдарды шешу және алдын алу мақсатында Сіздің мектепте бітімгершілік қызметі бар екенін білесіз бе?» тақырыбындағы сауалнаманың көрсеткіш деңгейін көре аласыздар (2-сурет).



Сурет 2 - Жанжалдарды шешу және алдын алу мақсатында Сіздің мектепте бітімгершілік қызметі бар екенін білесіз бе?

Келесі кезең оқушыларында кибербуллингтің алдын алуға бағытталған педагог жұмысының бағдарламасын әзірлеу және енгізу болды.

Бағдарламаның міндеттері:

1. Балалардың агрессивті реакцияларын түсіну және қабылдау.
 2. Баланың эмоционалды жағдайы мен мінез-құлқын реттеу әдістері тәсілдерін үйрету.
 3. Жағымды эмоцияларды қалыптастыру.
 4. Ата-аналармен бірлескен жұмысты ұйымдастыру, әр түрлі қиын өмірлік жағдайларда құзыреттілік деңгейін арттыру.
 5. Білім беру қатынастарына қатысушылармен ынтымақтастық (ата-аналармен).
- Бағдарламаның мазмұнын келесі кестеден көре аласыздар (кесте 2).

Кесте 2 - Кибербуллинг және жасөспірім. Ата-аналарға арналған бағдарлама

№	Тақырыбы	Сабақтың мақсаты	Сағат саны
1	Ата-аналарға арналған «Кибербуллинг дегеніміз не?» тақырыбында дәріс	Ана-аналарға кибербуллинг түсінігін қалыптастыру	2
2	Кибербуллинг түрлері	Бойкот, Бопсалау, Троллинг, Аутинг, Диссинг туралы сипаттама	2
3	Кибербуллингтің құрбаны кім болуы мүмкін?	Онлайн - қорлаудың құрбаны	2
4	Интернеттегі балалардың қауіпсіздігін қалай қамтамасыз етуге болады	Балаңызға желідегі мінез-құлықтың негізгі ережелерін түсіндіру	2
5	Ата-аналарға арналған ойын және тренинг	қорқыту мен кибербуллингке қатысушылардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін анықтау	2
6	Кибербуллинг туралы ескерту	Одан жоғары болыңыз. Елеменіз	2
7	Өзін-өзі бағалау	Адекватты өзін-өзі бағалауды қалыптастыру	2

Бағдарлама қатысушылардың балаларының өзін-өзі тану құралдарын қалыптастыруға, жеке маңыздылығы туралы идеяларды арттыруға, тұлғааралық қатынастардың мотивтерін, өз күштеріне деген сенімділікті қалыптастыруға, сонымен қатар көптеген мүмкіндіктерге бағытталған. Жасөспірімдермен жұмыс кезінде әртүрлі әдістерді қолдану қажет.

Ең қолайлы: сендіру әдісі (балаларға сенімді дәлелдер беріледі, балалар өз әрекеттерін сыни тұрғыдан талдауға қатысады) және ауыстыру әдісі (балалар мен жасөспірімдер бос емес еңбек, оқу, спорт, қоғамдық қызмет, шығармашылық және т. б.)

Сонымен қатар, оқушылардың ата-аналарымен де шығармашылық жұмыстар жүргізіледі. Бұл ата-аналар үшін маңызды ақпарат болып табылады. Келесі кезекте ата-аналар төменде көрсетілген талаптарды балаларынна үйреткені абзал.

Кибербуллингтен қалай қорғануға болады?

Жеке деректерді жарияламаңыз: Мекен - жайлар, фотосуреттер, телефондар, пошталар немесе жеке кабинеттерден парольдерін.

Кеңес. Балалық шақта ата-аналардың әсері бала үшін үлкен рөл атқарады. Балалар өздерінің аватарларына мультфильм кейіпкерлерінің, ойын кейіпкерлерінің суреттерін жариялауға құмар болып келеді. Себебі ол өз жолдастарының арасында мұны өздеріне абырой санайды және бұл балалардың арасындағы бәсекелестікке итермелеуі мүмкін. Бала оны қызықты ойын деп қабылдап, интернетте жиі ойнауға дағдыланады. Сол себепті ата-аналар мен педагогтар балаларға мұның шектен тыс екенін түсіндіруі маңызды.

Балаларға бейтаныс адамдармен байланыс орнату қауіпті екенін түсіндіру қажет. Мысалы, «Касперский зертханасының» жыл сайынғы сауалнамасы бойынша, балалардың 70%-ы бейтаныс адамдардан келетін достық өтінімдерін қабылдап, 30%-дан астамы олармен интернет арқылы тікелей байланысқа шығады. Мұндай адамдар сырт көзге мейірімді болып көрінгенімен, ұрлық, зорлық-зомбылық немесе киднеппинг мақсатында сенімге кіруі мүмкін. Балаларға күнделікті өмірде әлеуметтенуді үйреткендей, интернеттегі цифрлық әдеп ережелерін де түсіндіру маңызды. Оларға қоғамда сәтті әлеуметтену құралдарын бергеніңіз сияқты, оларға цифрлық этикет ережелерін түсіндіріңіз. Балаларға жазылған сөзден немесе жіберілген файлдан ұялмайтындай етіп қарым-қатынас жасауға үйрету өте маңызды. Басқа адамдардың жеке өмірін құрметтеуге, жалынбауға және қақтығыстарға қатыспау керектігін айтыңыз. Тек дәлелденген ақпаратты беру керек екенін түсіндіріңіз, ал қарым-қатынас жасауда басымдыққа сенуден әрқашан аулақ болыңыз.

Агрессия мен қауіптерді елеңіз: Қорғаудың негізгі принципі агрессияның алғашқы белгілерінде (талаптар, қауіптер, бопсалау) әңгімені аяқтаңыз. Буллардың оны қайта бастау әрекеттеріне жауап бермеңіз. Егер қудалау қайталанса, агрессорды бұғаттап, бұл фактіні ересектерге хабарлау керектігін ескертіңіз.

Қорғаныс шараларының бірі ретінде *арнайы қосымшаларды* пайдалануға болады. Мысалы, Kaspersky Safe Kids сіздің балаңыздың қай сайттарға кіретінін бақылап, қауіпті немесе орынсыз контентке кіру мүмкіндігін шектеуге, сондай-ақ әлеуметтік желілерде немесе агрессивті мазмұндағы сайттарда болу уақытын реттеуге мүмкіндік береді.

Кибербуллинг құрбаны болған жағдайда, бірнеше маңызды іс-әрекетті орындау қажет. Ең алдымен, келген хаттарды, скриншоттар мен дыбыс жазбаларын жинап, дәлелдерді мұқият сақтаңыз. Өз психологиялық денсаулығыңызға да назар аударыңыз: қажет болса мамандардың көмегіне жүгініңіз. Бұдан кейін, қорлау сипатындағы жазбалар туралы әлеуметтік желі немесе форум әкімшілігіне хабарлаңыз. Егер мәселе мектеп ортасында болса, ата-анаңыз бен сынып жетекшісіне де міндетті түрде ескертіңіз, себебі оқу орындары бұндай жағдайларға бей-жай қарамайды. Соңында, өмір мен денсаулыққа тікелей қауіп төндіретін жағдайлар байқалса, құқық қорғау органдарына жүгінуді кейінге қалдырмаңыз.

Егер балаға осы тұрғыда ата-ана тарапынан көмек болатын болса, балада өзіне деген сенімділік пайда болары хақ.

Қорытынды

Өскелең ұрпақтың әлеуметтік тұрғыда білім беру белсенділігін, инновациялық, сыни жобалық ойлауын дамыту жолдарын қарастыру басты талап. Жасөспірімдер арасындағы кибербуллингті шешу үшін білім беру мекемелерінің орны ерекше және жауапты міндеттер жүктеледі. Кибербуллингтің алдын алу үшін, ең алдымен, жасөспірімдердің арасында педагогикалық және психологиялық ағартушылық жұмыстарды белсенді жүргізген жөн. Бұған қоса, сыныптағы балалар мен жасөспірімдер арасында жылы қарым-қатынастың негізін қалыптастыру, ата-аналар мен мұғалімдердің құқықтық сауатын арттыру және білім беру мекемелерінде ақпараттық қауіпсіздік бойынша арнайы қызметтер ұйымдастыру аса маңызды. Бұл виртуалды қоғамдық қатынастарға қатысушыларды заңды түрде қорғауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге зерттеуші ғалымдардың пікіріне де мән берген де дұрыс. Олар мінез-құлқында бұзылысы бар балалардың тәрбиесіне баса назар аудару қажет екендігін басты міндет еткен. Жаһандану мен цифрландыру жағдайында ұлттық құндылықтар мен адамгершілікті сақтау барлық тұлғалар үшін маңызды.

Қаржыландыру туралы ақпарат. Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі, Ғылым комитетімен қаржыландырылды (AP19679127 «Жасөспірімдердің цифрлық гигиена дағдыларын қалыптастыру және кибербуллингтің алдын алудың әдістемелік жүйесін әзірлеу»).

ӘДЕБИЕТ

[1]Муканова Н.Е., Айтенова Э.А., Турсунбаева А.У., Таженова Г.С. Кибербуллинг в студенческой среде: исследования в образовательном процессе // Известия КазУМОиМЯ имени Абылай хана. Серия: Педагогические науки. - 2024. - № 75(4).

[2]Slonje R., Smith P.K., Frisén A. The nature of cyberbullying, and strategies for prevention // Computers in Human Behavior. - 2013. - Vol. 29.- P. 26–32.

[3]Солдатов Д.Н. Причины и последствия кибербуллинга в подростковой среде //Инновации. Наука. Образование. - 2021. - № 35. - С. 1927–1932.

[4]Ефимова Е.С. Кибербуллинг как проблема психопедагогики виртуальных сред //Успехи в химии и химической технологии. - 2014. - № 7. - С. 65–66.

[5]Тиркашева Г. М. Кибербуллинг среди детей: понятие, современные формы и защитные механизмы // Oriental Renaissance: Innovative, educational, natural and social sciences. - 2022. - Vol. 2. - P. 83–94.

- [6]Божедаров Д. А., Крыгина Е. А. Философия кибербуллинга – новый дискурс медиалогии // Образование и право. - 2020. - № 12. - С. 294–298.
- [7] Бочавер А. А., Хломов К. Д. Кибербуллинг: травля в пространстве современных технологий // Психология. - 2014. - Т. 11. - № 3. - С. 177–191.
- [8]Mehari K. R. et al. Cyberbullying and empathy among late-elementary school children //International Journal of Bullying Prevention. - 2022. - P. 1–9.
- [9]Choi E., Park N. Can online education programs solve the cyberbullying problem? Educating South Korean elementary students in the COVID-19 era // Sustainability. - 2021. - Vol. 13. - № 20. - P. 112.
- [10]Belsey B. Cyberbullying: An Emerging Threat to the “Always On” Generation. 2014. - Access mode: URL: http://www.cyberbullying.ca/pdf/Cyberbullying_Article_by_Bill_Belsey.pdf [Date of access: 19.08.2024]
- [11] Колчина М. Л., Синайко В. М. Компьютерные игры и их возможное влияние на здоровье детей и подростков // Психоневрология. - 2001. - Т. 9, вып. 1. - С. 10.
- [12]Бочавер А. А., Хломов К. Д. Кибербуллинг: травля в пространстве современных технологий // Психология. - 2014. - Т. 11. - № 3. - С. 177–191.
- [13] Кон И. С. Мальчик – отец мужчины. - М.: Время, 2009. – С.-78-79
- [14]Campfield D. C. Cyber Bullying and Victimization: Psychosocial Characteristics of Bullies, Victims, and Bully. - 2008. Access mode: URL: <https://scholarworks.umn.edu/etd/288/> [Date of access: 19.08.2024]
- [15]Бейсенбаев О. Т. et al. Цифрлы кеңістіктегі балалар қауіпсіздігі: ата-аналар мен мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал. - Астана: Қоғамдық даму институты, 2024. -150 б.

REFERENCES

- [1] Mukanova N. E., Aitenova E. A., Tursunbaeva A. U., Tazhenova G. S. Kiberbulling v studencheskoy srede: issledovaniya v obrazovatel'nom protsesse (Cyberbullying in the Student Environment: Research in the Educational Process). //Izvestiya KazUMOiMYa imeni Abylai khana. Seriya: Pedagogicheskie nauki. – 2024. - No. 75(4).
- [2] Slonje R., Smith P. K., Frisén A. The nature of cyberbullying, and strategies for prevention. //Computers in Human Behavior. – 2013. - Vol. 29. - pp. 26–32.
- [3] Soldatov D. N. Prichiny i posledstviya kiberbullinga v podrozkovoy srede (Causes and Consequences of Cyberbullying Among Adolescents). // Innovatsii. Nauka. Obrazovanie. – 2021. - No. 35. - pp. 1927–1932.
- [4] Efimova E. S. Kiberbulling kak problema psikhopedagogiki virtual'nykh sred (Cyberbullying as a Problem of Psychopedagogy in Virtual Environments). //Uspekhi v khimii i khimicheskoy tekhnologii. – 2014. - No. 7. - pp. 65–66.
- [5] Tirkasheva G. M. Kiberbulling sredi detey: ponyatie, sovremennye formy i zashchitnye mekhanizmy (Cyberbullying Among Children: Concept,

Modern Forms, and Protective Mechanisms). //Oriental Renaissance: Innovative, educational, natural and social sciences. – 2022. - Vol. 2. - pp. 83–94.

[6] Bozhedarov D. A., Krygina E. A. Filosofiya kiberbullinga – novyy diskurs medialogii (Philosophy of Cyberbullying: A New Discourse of Medialogy). //Obrazovanie i pravo, - 2020. - No. 12. - pp. 294–298.

[7] Bochaver A. A., Khlomov K. D. Kiberbulling: travlya v prostranstve sovremennykh tekhnologiy (Cyberbullying: Harassment in the Space of Modern Technologies). //Psikhologiya, 2014. - Vol. 11. - No. 3. - pp. 177–191.

[8] Mehari K. R. et al. Cyberbullying and empathy among late-elementary school children. //International Journal of Bullying Prevention. – 2022. - pp. 1–9.

[9] Choi E., Park N. Can online education programs solve the cyberbullying problem? Educating South Korean elementary students in the COVID-19 era // Sustainability. - 2021. - Vol. 13. - № 20. - P. 112.

[10] Belsey B. Cyberbullying: An Emerging Threat to the “Always On” Generation. 2014. - Access mode: URL: http://www.cyberbullying.ca/pdf/Cyberbullying_Article_by_Bill_Belsey.pdf [Date of access: 19.08.2024]

[11] Kolchina M. L., Sinaiko V. M. Komp'yuternye igry i ikh vozmozhnoe vliyanie na zdorov'e detey i podrostkov (Computer Games and Their Potential Impact on the Health of Children and Adolescents). //Psikhonevrologiya. – 2001. - Vol. 9. - No. 1. - p. 10.

[12] El'konin B. D. Psikhologiya razvitiya: ucheb. posobie dlya vuzov (Developmental Psychology: Textbook for Universities). - Moscow: Akademiya, 2005. - 336 p.

[13] Kon I. S. Mal'chik – otets muzhchiny (Boy – Father of a Man). - Moscow: Vremya, 2009. - 704 p.

[14] Campfield D. C. Cyber Bullying and Victimization: Psychosocial Characteristics of Bullies, Victims, and Bully. - 2008. Access mode: URL: <https://scholarworks.unt.edu/etd/288/> [Date of access: 19.08.2024]

[15] Beisenbaev O. T. et al. Tsivrlı kenistiktegi balalar қауіпсіздігі: ата-аналар мен мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал (Child Safety in the Digital Space: A Methodological Guide for Parents and Teachers). - Astana: Qoғамдық damu instituty, 2024. - 150 b.

РАЗРАБОТКА МЕТОДИЧЕСКОЙ СИСТЕМЫ ПРОФИЛАКТИКИ КИБЕРБУЛЛИНГА

Беркимбаев К. М.¹, Боранбаева А. Р.², Бекболат М. С.³, *Берди Д. К.⁴

^{1,3, *4} Международный казахско-турецкий университет имени «Ходжа
Ахмет Ясави», Туркестан, Казахстан

² Южно-Казахстанский педагогический университет имени
Өзбекәлі Жәнібекова, Шымкент, Казахстан

Аннотация. В статье рассматривается разработка комплексной методической системы предупреждения кибербуллинга на основе анализа теоретических, психологических, правовых и педагогических аспектов

данного явления. В теоретической части обобщены мнения и определения кибербуллинга, предложенные отечественными и зарубежными учеными, и выделены его ключевые формы: анонимные оскорбления, шантаж, троллинг, искажение информации, использование онлайн-игр для давления и постоянная доступность жертвы. Подчеркивается, что жертвы кибербуллинга испытывают как кратковременные (стресс, тревожность, проблемы со сном), так и долгосрочные (депрессия, снижение самооценки, ухудшение успеваемости) психологические и физические последствия. Эмпирическая часть исследования проводилась среди учащихся 11–17 лет и их родителей в пяти школах Алматы с помощью онлайн-анкеты Google Forms ($n = 312$). Результаты показали, что 61,9 % родителей хорошо осведомлены о проблеме кибербуллинга, а 60,9 % считают её актуальной и требуют разработки специальных профилактических программ. Более 78 % участников отметили необходимость оказания психологической поддержки жертвам, а 72 % — внедрения программ превентивного обучения в школах. На основе этих данных предложена шестиступенчатая модель профилактики, включающая: 1) тренинги по цифровой грамотности, 2) психологические семинары и группы поддержки, 3) правовое просвещение и разъяснение норм ответственности, 4) технический мониторинг с помощью мобильного приложения «SafeNet», 5) информационные кампании в СМИ и школьных сетях, 6) межведомственное взаимодействие между школами, семьями и социальными службами. Пилотное внедрение предложенной системы в нескольких школах показало снижение зарегистрированных случаев кибербуллинга на 34 %. Таким образом, методическая система объединяет психологическую поддержку, педагогические инструменты, правовую базу и технические решения, позволяя эффективно обеспечивать безопасность подростков в цифровом пространстве. В перспективе важны исследования её долгосрочного влияния в различных регионах и дальнейшая доработка программы.

Ключевые слова: кибербуллинг, подростковый возраст, цифровое пространство, компьютерные игры, интеллектуальное мышление, буллинг, онлайн-агрессия, профилактика

DEVELOPMENT OF A METHODOLOGICAL SYSTEM FOR THE PREVENTION OF CYBERBULLYING

Berkimbayev K. M.¹, Boranbayeva A. R.², Bekbolat M. S.³, *Berdi D. K.⁴

^{1,3}, *⁴Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,
Turkestan, Kazakhstan

²South Kazakhstan Pedagogical University named after Özbəkali Zhanibekov,
Shymkent, Kazakhstan

Abstract. This article presents the development of a comprehensive methodological system aimed at preventing cyberbullying by integrating theoretical insights, psychological understanding, legal frameworks, and pedagogical strategies. The theoretical section synthesizes diverse scholarly

definitions of cyberbullying and identifies its core manifestations: anonymous harassment, extortion, trolling, data distortion, exploitation of online gaming environments, and the constant accessibility of victims. It emphasizes that victims suffer both short-term effects (stress, anxiety, sleep disturbances) and long-term consequences (depression, reduced self-esteem, academic decline) across psychological and physical dimensions. The empirical study surveyed 312 students aged 11–17 and their parents across five schools in Almaty using Google Forms. Results indicated that 61.9% of parents are well-informed about cyberbullying, while 60.9% regard it as a critical issue warranting special preventive measures. Moreover, over 78% of respondents stressed the need for psychological support for victims, and 72% advocated for implementing school-based prevention programs. Based on these findings, a six-stage prevention model was proposed: (1) digital literacy workshops, (2) psychological seminars and peer support groups, (3) legal education clarifying relevant laws and accountability, (4) technical monitoring through the “SafeNet” mobile application, (5) media outreach campaigns via social and school networks, and (6) interagency collaboration among schools, families, and social services. Pilot implementation demonstrated a 34% reduction in reported cyberbullying incidents. Overall, the methodological system combines psychological support, pedagogical interventions, legal guidance, and technological tools to effectively safeguard adolescents in digital spaces. Future research should assess its long-term impact across different regions and refine the program accordingly.

Key words: cyberbullying, adolescence, digital space, computer games, intellectual thinking, bullying, online-aggression, prevention

Авторлар туралы мәлімет:

Беркимбаев Камалбек Мейрбекович - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазақстан, Түркістан, kamalbek.berkimbaev@ayu.edu.kz

Боранбаева Ақтолқын Раисбековна - философия докторы(PhD), доцент м.а. Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан aktolkn81@mail.ru

Бекболат Маржан Сәкенқызы - докторант, Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазақстан, Түркістан, marzhan.bekbolat@alumni.nu.edu.kz

Берді Динара Кадирханқызы - философия докторы(PhD), доцент м.а. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазақстан, Түркістан, dinara.berdi@ayu.edu.kz

Сведения об авторах:

Беркимбаев Камалбек Мейрбекович - доктор педагогических наук, профессор, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, Казахстан, Туркестан, kamalbek.berkimbaev@ayu.edu.kz

Боранбаева Ақтолқын Раисбековна - доктор философии (PhD), и.о. доцента, Южно-Казахстанский педагогический университет имени

Өзбекәлі Жәнібекова, Шымкент, Қазақстан, aktolkt81@mail.ru

Бекболат Маржан Сәкенқызы - докторант, Международнй қазақско-түрецкй университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, Қазақстан, Түркестан, marzhan.bekbolat@alumni.nu.edu.kz

Берди Динара Кадирханқызы - доктор философии (PhD), и.о. доцента, Международнй қазақско-түрецкй университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, Қазақстан, Түркестан, dinara.berdi@ayu.edu.kz

About the authors:

Berkimbaev Kamalbek Meirbekovich - Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Kazakhstan, Turkestan, kamalbek.berkimbaev@ayu.edu.kz

Boranbayeva Aktolkyn Raisbekovna - Doctor of Philosophy (PhD), Acting Associate Professor, South Kazakhstan Pedagogical University named after Özbäkali Zhanibekov, Shymkent, Kazakhstan, aktolkt81@mail.ru

Bekbolat Marzhan Sakenkyzy - Doctoral Student, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Kazakhstan, Turkestan, marzhan.bekbolat@alumni.nu.edu.kz

Berdi Dinara Kadirkhankyzy - Doctor of Philosophy (PhD), Acting Associate Professor, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Kazakhstan, Turkestan, dinara.berdi@ayu.edu.kz

Мақала түсті: 19 наурыз 2025